

БЕКІТЕМІН  
облыстық білім беруді дамыту оқу-  
әдістемелік орталығының директоры  
А.Қабдұлова  
« 19 » 10/2021 ж.



## **«Жас менеджер» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ**

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және «Табысты басшы» жобасын жүзеге асыруда «Жас менеджер» облыстық байқауы өткізіледі.

Байқау жалпы орта білім беру ұйымдары және шағын жинақты мектептердің жаңадан тағайындалған мектеп басшыларының мектепті заманауи басқару тәжірибелері бойынша тәжірибе алмасады.

### **Байқаудың мақсаты**

Басқару тиімділігін арттыруға бағытталған ең тиімді менеджерлік тәжірибелерді анықтау, менеджердің жағымды имиджін құруға және таланттарын арттыруға бағыт беру.

### **Байқаудың міндеттері:**

- жаңадан тағайындалған мектеп басшыларының білім беру ұйымдарын басқарудағы әлеуетін арттыру;
- білім беру ұйымдарындағы шығармашыл жас менеджерлерді анықтап деректер қорын жинақтау;
- білім беру ұйымдарын басқаруды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру;
- білім беру жүйесін дамытудағы жаңадан тағайындалған мектеп директорларының беделін арттыру.
- білім беру ұйымдарының басқарудағы озық тәжірибелерін айқындау және тарату.

Байқауға облыстағы жалпы орта білім беру ұйымдарының жаңадан тағайындалған (директорлық өтілі 1-3 жылдан жылға дейін) басшылары қатыса алады.

### **Байқаудың өткізілу мерзімі мен тәртібі**

«Жас менеджер» облыстық байқауы екі кезеңді қамтиды.

*Бірінші кезең* аудандық (қалалық) **2021 жылдың ақпан айында** өткізіледі.

*Екінші кезең* облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен **2021 жылдың наурыз айында** өткізіледі.

Облыстық кезеңге қатысу үшін құжаттар мен материалдарды қабылдау **2021 жылдың 1 наурызға** дейін жүргізіледі.

Байқауды ұйымдастыру мен өткізудің әр кезеңінде ұйымдастыру комитеттері жасақталады және қазылар алқасының мүшелері анықталады. Қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

### **Байқаудың мазмұны**

Байқау барысында білім беру ұйымдары арасында кәсіби құзыретті, шығармашылықпен жұмыс жасайтын жаңадан тағайындалған мектеп басшылары анықталады.

Байқау келесі үрдістерді қамтиды:

**1. «Мектепті басқару моделі»** (уақыты 5-7 минут) онлайн режимде

**Модель қорғауды бағалау өлшемдері:**

- ✓ инновациялылығы (жаңашылдығы, идеялары және мазмұнының ерекшелігі);
- ✓ практикалық мәнділігі (нәтижелерді жобалауы, жобаны ендіру және тарату мүмкіндігі, ресурстық қамтамасыз етудің шынайылығы);
- ✓ таныстыра алу икемділігі

**2. «Менің көшбасшылық ұстанымым»** - бейнеролик (3-5 минут) сырттай өтеді. Бейнеролик 2021 жылдың 1 наурызына дейін [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) электронды поштасына жіберілуі тиіс.

**Мазмұнына қойылатын бағалау өлшемдері:**

- ✓ тақырыпты ашудағы пікір құндылығы;
- ✓ ойдың логикалық сабақтастығы;
- ✓ қорытынды пікірдің болуы;
- ✓ тіл мәдениетіне қойылатын талаптардың сақталуы.

**Техникалық талаптар:**

Бейнероликтің форматы мен пішіні:

- ✓ рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
- ✓ бір файлдың өлшемі – 200 Мб артық емес;
- ✓ бейнероликтің ұзақтығы 5 минуттан аспайды.

**Байқаудың облыстық кезеңіне материалдарды ұсыну тәртібі**

«Жас менеджер» облыстық байқауына қатысушылар төмендегі құжаттарды жібереді:

- ✓ байқаудың бірінші кезеңі қорытындысы бойынша аймақтық қазылар алқасының хаттамасы;
- ✓ облыстық конкурсқа қатысу жөнінде ұсыныс (қосымша 1);

Материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Ұсынылған материалдар байқау қатысушыларына қайтарылмайды.

**Байқауға қатысушыларды марапаттау тәртібі**

«Жас менеджер» облыстық байқауына қатысушылар дипломдармен және номинацияға сәйкес мақтау қағаздарымен марапатталады.

Үш жүлделі орындар тағайындалған: 1,2,3 дәрежелі диплом иелері және номинация иелері («Стратег жас менеджер», «Шығармашыл жас менеджер», «Шағын жинақты мектептің жас менеджері»).



**САУАЛНАМА**  
(қатысушы толтырады)



1. А.Т.Ә. (толық) \_\_\_\_\_
2. Туған күні, айы, жылы: \_\_\_\_\_
3. Отбасылық жағдайы: \_\_\_\_\_
4. Білімі, бітірген оқу орнының атауы: \_\_\_\_\_
5. Ғылыми атағы, дәрежесі: \_\_\_\_\_
6. Біліктілікті арттыру (екінші білім, курстар, тәжірибе т.б)

7. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны \_\_\_\_\_

8. Басшылық қызметтегі жұмыс өтілі: \_\_\_\_\_

9. Соңғы жылдағы сіздің ұйымның маңызды жетістігі және оған сіздің қосқан үлесіңіз: \_\_\_\_\_

15. Ақпарат жіберілген мекен-жай: \_\_\_\_\_

e-mail: \_\_\_\_\_

қаланың коды \_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

факс \_\_\_\_\_

(қатысушы қолы)